

Абай аудандық мәслихатының 26 сессиясының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 26/259 "Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2014 жылы әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі 33 сессиясының № 33/348 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 2798 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты өз әрекетін тоқтатты

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Абай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы 26 сессиясының № 26/259 "Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2014 жылы әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2517 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 қаңтардағы № 4 (4007) "Абай – Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы, кіріспедегі және 1, 2 тармақтарындағы "ветеринария" сөзі " агроөнеркәсіптік кешен" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (Н.Г . Белан).

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық
мәслихатының хатшысы

Н. Филипенко
Б. Цай

"КЕЛІСІЛДІ":

"Абай ауданының экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесі басшысының міндетін
атқарушы
Ж. Жиенбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК